

2. Сборник Законов Казахской ССР и Указов Верховного Совета Казахской ССР (1938 – 1957 гг.) Алма-Ата, 1958. С. 122.
3. XVII съезд ВКП (б): стенографический отчет. М., 1934. С.25.
4. Всесоюзная перепись населения 1939 года. Основные итоги. Россия. СПб., 1999. Изд. «Русско-Балтийский информационный центр БЛИЦ». 208 с. С.9.
5. ГАКО. Ф. 234. Оп. 14. Д. 4. Л. 50. Копия.
6. ГАКО. Ф. 72-П. Оп. 3. Д. 34. Л.2-7.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ ЛАҚАП ЕСІМІ: ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ АСТАРЫ, ӘЛЕУМЕТТІК СЫР-СИПАТЫ

Мұханбетқалиева Жансая Асылбекқызы

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің
1-курс магистранты

Алмасбек Әбсадық филология ғылымдарының докторы,

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры

Аннотация. Эпикалық сюжеттердегі тұрақты қайталанатын сарынның бірі – болашақта билікке келетін лауазым есімнің немесе батырдың жас күнінде лақап есіммен жүруі. Қазақ аңыздары лақап есімді таңуда қаһарманның лауазымы мен атқарған ерлік істеріне байланысты берілетін болған. Лақап есімдер өзінің тарихи фактілерінің байлығымен, құнарлылығымен, жемістілігімен ерекшеленеді. Лақап есім беру дәстүрі түркі- моңғол халықтарының танымында терең орын алған. Түркі-моңғол халықтарының шығармаларында –көне аңыздарда, ертегілерде, батырлық эпостарда кең көрініс тапқан.

Кілттік сөздер: эпикалық сюжет, түркі-моңғол, аңыз

Annotation. One of the recurring themes in epic stories is that a future position or a hero will be nicknamed in his youth. Kazakh legends were given in connection with the position of the hero and his heroic deeds. Nicknames are distinguished by the richness, fertility and fruitfulness of their historical facts. The tradition of giving nicknames is deeply rooted in the knowledge of the Turkic-Mongol peoples. Ancient legends, fairy tales, heroic epics are widely reflected in the work of the Turkic- Mongol.

Key words: epic stories, Turkic- Mongol, legends

Эпикалық сюжеттердегі тұрақты қайталанатын сарынның бірі – болашақта билікке келетін лауазым есімнің немесе батырдың жас күнінде лақап есіммен жүруі. Қазақ аңыздары лақап есімді таңуда қаһарманның лауазымы мен атқарған ерлік істеріне байланысты берілетін болған.

Лақап араб тіліндегі «титул, атақ-шен» емес, орыс тіліндегі «прозвище» деген мағына береді. Себебі, көне түркі жазба ескерткіштеріне зерттеу жүргізген ғалымдардың деректері осыған саяды. Эпикалық сюжеттердегі тұрақты кездесетін сарындардың бірі – болашақ лауазым иесінің немесе батырдың жас күнінде лақап есіммен жүруі. Бұл сарынның шығуы адам баласының ертедегі дуалистік (егіздік) мифологияның түсінігінен бастау алады. Ертедегі адамдардың түсінігі бойынша, адам баласының бұл өмірдегі лауазымдық өзгерістері мен ерлік істері жоғары дүние немесе о дүниелік (төменгі дүние) тылсым күш иелерінің қолдауымен болады. тылсым күш иелерінің жердегі өкілі – шамандар (баксылар), ал көрінбейтін рухтары – аруақтар.

Жаңа есімі дүниеден өткеннен кейін, яғни қайтыс болғаннан кейін ана дүниедегі есімі болып табылуы да ықтимал. Л.Гумилевтің жазуынша, Ресейдің Алтай өлкесіндегі Минусинк музейінде сақтаулы тұрған құлпытастың бетінде қайтқан кісінің

о дүниеге жаңа ер есіммен кетіп бара жатқаны анық берілген: "Сіздерден, менің жүз таныс жамағайындарым, менің халқымның алты руынан, Сіздерден мен бөліндім (яғни өлдім) Менің ер есімім – Ак-баш-ат-ых. Мен жетпіс жастағы Ынал-огя [1, 416 б.]. Кісіге о дүниелік лауазымдық немесе ерлік лақап есім беру қазақтар арасында да сақталған. XVIII ғасырда қазақ этнографиясы туралы деректер жинаған И. Андреев бұл дәстүр туралы былай деп жазады: (... из древних повествований известно, что они (казахи – А.Ә.) имели обычай не только при возведении на высокие достоинство, но даже по смерти их придавать новые имена» [2, 30 с.].

Әлеуметтік жіктеудің тамыры тереңдеген қоғамдық формацияда жаңа есім беру сыйы таптық айырмашылықтарды айқындайтын, тегі бөлек жан екенін білдіретін белгі ретінде ел билеген әміршілер мен атағы шыққан батырларға таңылатын әлеуметтік құбылысқа айналады. Бұл құбылыс түркі жұртында жақсы сақталған. «Еуропалықтар сияқты, - дейді Л. Гумилев, - түріктер өлгенге дейін бір атпен жүре бермеген. Түріктің аты оның қоғамдағы орнын меңзеп тұрған. Бала күнінде оның жалған аты, бозбала шағында шені, ересек сақа кезінде лауазымы, егере хан болса, онда оның лауазымы еншілік таспиктық жүйеге байланысты өзгеріп отырған» [1, 88 б.].

Зерттеулерге назар аударсақ, есімнің ауысып отыруы тек түркі халықтарында ғана емес, бір-бірінен қашық орналасқан, бір-бірімен алыс-берісі, яғни қатысы жоқ елдерде де осы дәстүрдің белең алғанын байқауға болады. Африкада моси негрлер тайпасы жасұландары үлкен өмірге дайындалу үшін бөлек (жеке) өмір сүреді. Сол кезеңде олар жаңа ат алып, оны өздерінен басқа ұстаздары ғана білетін болған. Ересек болған кезде де басқалар жоқта ғана бірін-бірі осы есімдерімен атаған. Ал, тәжіктер болса бала кәмелетке жеткенше өз есімін атамай, шартты атпен жүргізген. Жапонияда, Кореяда, Қытай жас ерекшеліктеріне қарай есімдерін ауысып отырған.

Ертедегі түсінік бойынша адам баласының бұл өмірдегі атақтары мен ерлік істері жоғары дүние немесе о дүниелік тылсым күш иелерінің қолдауымен болады деп есептеген екен. Мифологиялық түсінік бойынша, өзге дүниелік тылсым күш иелерінің жердегі өкілі – бақсылар, алкөзге көрінбейтін рухтары – аруақтар деп есептелген.

Лақап есім беру дәстүрі түркі-моңғол халықтарының танымында терең орын алған. Түркі-моңғол халықтарының шығармаларында –көне аңыздарда, ертегілерде, батырлық эпостарда кең көрініс тапқан. Онда басты қаһарманға жаңа есім беру екі түрлі жағдайда жүзеге асады. Бірі-ерлік көрсетуінен кейін, яғни батырлық есім, екіншісі – таққа отырғанда, яғни лауазымдық есім болып бөлінеді. Лауазымдық лақапта ханның немесе әміршінің ел билеу ісіндегі даналығы мен данышпандық қызметіне сай рең -мағынада болса, батырлық лақапта қаһарманның жаужүректігі, қайсарлығы, батылдығы сынды істердің сипатына қарай қойылады.

Ел билеген хандар мен атақты батырларға лақап есімнің беру Көк Түрік мемлекетінде кең көрініс алған еді. Л. Гумилевтің айтуынша, Көк түріктердің алғашқы ханы Бумын «халықтарды билеуші» деген Елхан лауазымын алады. Түркі-моңғол халықтары мен қазақ хандығына қатысты көркем тарихи шежірелері мен фольклорлық шығармаларынан келтірілген мысалдарда тарихи қызметтері, ерлік істері ел есінде ерекше сақталған билеушілер мен батырлардың екі есімі – ерліксіз, елеусіз жай есім және қаһармандық, батырлық немес лауазымдық есімі болған. Елеусіз жүрген жай есім кейіпкердің алғашқы ерлігінен кейін қаһармандық есімге немесе оның елге атқарған қызметіне орай (жана лауазымына) сәйкес өзгереді. Тарих парақтарында ертедегі адамдардың сенімінен туындаған өмірдің нақты шындығы болса, кейін ол уақыт өте келе көркем шығармашылыққа өтіп, қаһарманды дәріптеу тәсіліне айналады.

Ал, қоғамдық дамудың идеологиясына монотезим (бір құдайлық) дін орныққан кезеңде билеушілердің лақап есімі сол діннің ықпалымен қойылады. Мысалы, Шыңғыс тұқымынан Алтын Орданы билеген, мұсылманданған хандар –

Өзбек, Жәнібек, Бердібек т.б түркілікке қоса мұсылмандық есім алған [3, 212 б.]. Алтын Орда ханы Өзбекұлы Жәнібек хан «Сұлтан Джалал ад-дин Махмуд» атанса, оның баласы Бердібек хан «Сұлтан Мұхаммед», ал Тоқтамыс хан «Сұлтан Насир ад-дин» [4, 271 б].

Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» еңбегінде Манас есіміне қатысты «Ұлан бірінші ерлік қадамын өткенше (бас кесіп, қан төккенше) оған ат қойылмайды. Оғыз бен қыпшақтарда, тағы басқа түркі тайпаларында ұлан қаһармандық көрсетпейінше — оған ат қоймаған. Манас та 12–14 жасқа дейін шартты атпен жүрген (Бокмұрын, Итбай т.б.)» дейді [8, 83]. Яғни, «ер аты» — жас баланың азамат, жігіт болуының көрсеткіші. Қиын-қыстау жаугершілік заманда сапқа қосылған әрбір жауынгер сарбаздың орнының қандай екені түсінікті. «Можно предположить, что в отмеченных случаях сохранились отголоски древних обрядов посвящения» [9, 23].

Қазақ аңыздарында да қаһармандарға лақап есім беріледі. Онда бұл құбылыстың көне түркілік дәстүрі сақталған. Билеуші хандардың бір тобына даналық, данышпандық қызметтері үшін (Өз-Жәнібек, Өз-Тәуке хан) «әз» деген лақап қосылса, жауға қарсы батырлық әрекеттерімен көзге түскен қазақ хандарға «ер, баһадүр» деген лақап есімдер қосылып айтылған. Мысалғы, Есім, Жәңгір, Әбілқайыр, Абылай хандарға «ер, салқам, баһадүр» деген қосалқы лақаптар берілген.

Қазақ ханы Жәнібек ханға берілген «әз» лақабы Алтын орда Өз-Жәнібек туралы Өзбек ұлысында болған түркі тектес ноғай, қарақалпақ, башқұрт халықтарының көркем тарихи шежірелері мен фольклорлық шығармалары арқылы болған ауыс-түйістен орнықса, Тәуке ханға берілген лақап оның Үш жүздің басын қосып, қазақтың атақты үш биі және қарақалпақ, қырғыз, қатаған, жайма руларының билері, бас-аяғы жет биді тікелей қатыстыра отырып «Жеті жарғы» деп аталатын заң-жоралғы қабылдатқан қызметі үшін таңылады. Қазақ хандарының ішінде, аңыздық деректер бойынша, батырлық лақап таңылған билеушілер – Қасым, Есім және Жәңгір хандар. Қасым ханда «Арыстан хан» деген лақап болса, Есімге «Еңсегей бойлы ер Есім», «Жәңгірге «салқам» деген батырлық лақаптар берілген. Бұл хандардың билік құрған тұсы – Қазақ хандығының көршілес елдермен қиян-кескі соғыстар, ұрыстар жүргізген кезең.

Қазақ тарихи аңыздарында атақты тұлғалардың ішінде жаңа лауазым мен ерлік істер көрсеткенге дейін басқа есіммен, ал ерлік істен немесе таққа отырғаннан кейін басқа жаңа есім алуы көрінісі кең көркем сипатталған қаһарман – Абылай хан. Ол Шыңғыстық тегіне сай хандық лауазым алғанға дейін, кейде Әбілмансұр, кейде Сабалақ деген өзге есіммен жүріп, қиыншылық пен жоқшылықтың азабын тартады. Біздіңше, Абылай ханның азан шақырып қойған аты – Абылай, ал «Сабалақ» – көне түркілік дәуірдегі полиномия (көп есім) құбылысының дәстүрлік сипатынан айырылып, көркемдік құрал ретіндегі қолданысқа артқан кезеңде туындаған фольклорлық есім. Ал «Әбілмансұр» – қазақ оқымыстыларының лақап есім «Сабалақты» жөндеуге ұмтылған талпынысынан туындаған жаңсақ, қоспа есім. Бұл пайымдарды дәлелдеу үшін мықты дәйектер керектігін біз жақсы түсінеміз. Феноменологиялық әдістің «Бастапқыға шегіну» («Назад, к самим вещам!») деп түйінделетін басты тезисіне сүйене отырып, дәлелдің дәйек өзегін Ш.Уәлихановтың «Абылай» атты мақаласы арқылы өрбітуді жөн көрдік. Өйткені, бұл мақала — Абылай ханның өмірі мен қызметіне алғаш рет арнайы көңіл бөлген тарихи зерттеу еңбек. Зерттеуші ғалым мақаласын Абылайдың тегін сөз етуден бастайды. Ол былай дейді: «Абылай орыс жылнамаларында Сібірдің ханзадасы деп аталады. Ал шынында Абылай – Орта жүз қазақтарының XVIII ғасырда өмір сүрген ханы. Оның тегі Орта жүз сұлтандарының кенже буынынан тарайды да, үшінші атадан барып Әбілмәмбет ханға қосылады. Онымен Абылай (біздегі

қағаз бойынша, Абылай сұлтан – ханның немере інісі) 1739 жылы Орынборда Ресейге мәңгі бодан болатыны туралы ант берген. Атасы (оның да аты – Абылай) Түркістанның билеушісі болып тұрған. Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін «қанішер» деген қаһарлы да құрметті атаққа ие болған кісі...»

Жас жетімнің сыртқы киімінің көріксіз болып жүруі – оның шын батырлық бейнесін жасырып көрсетудің көркемдік бір тәсілі. Абылай да өзге шығармалардағы, әсіресе батырлық эпостағы кейіпкерлер секілді асыл тегін жасырып жүреді. Оның «өз құпиясын ашуы» жорық үстінде көрінеді. Қазақ батырларына еріп жорыққа шыққан Сабалақ жекпе-жекте қалмақтың Шарыш деген батырын жеңіп, «Абылайлап» жауға шабады. Осыдан кейін ол Сабалақ емес, «Абылай» атанады» [6, 27 б.]. оның ерлік көрсеткенге дейін сыртқы киімі көзге қораш, жыртқық-жамау болып, өзі елеусіз (тазша, қойшы т.б) жүруі- бүкіл жержүзі халықтарының ауыз-екі шығармаларына кең тараған мотив [5, 71 б.].

Қоғам дамып, соған сай адам баласының сана –сезімі өзгерген уақытта көне мифтік түсінік фольклорлық көріктеу құралдары түрінде көркем шығармаға өтеді. Сөйтіп, өлілер дүниесіне өту үшін қажетті шаманның шын бет-пердесін жасыратын елеусіз, ким көне батырлық ертегілер мен эпостық жырлардың басты кейіпкерлеріне ауысады да, енді ондай елеусіз, далба-дұлба киім кейіпкерлердің шын батырлық бейнесін жасырады [7, 154 б.].

Лақап есімдер өзінің тарихи фактілерінің байлығымен, құнарлылығымен, жемістілігімен ерекшеленеді. Сөз болған лақап есімдерге ортақ белгілер ел тізгіншісінің алғашқы ерлік қадамынан бастап өмірінің соңына дейін серік еткен даналық, алғырлық, батылдық, өткірлік, қайсарлық, ақылдылық, тапқырлық т.б. қасиеттері екендігін көреміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: «Білім», 1994. – 480 б.
2. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Ғылым, 1998. – 280 с.
3. Григорьев А.П., Григорьев В.П. Коллекция золотордынских документов XIV века из Венеции: Источниковедческое исследование. –СПб.: Изд-во С.-Петербур. унта, 2002. – 276 с.
4. История Казахстана и Центральной Азии: Учеб. пособие /Абусейтова М.Х. и др. – Алматы, -2001.
5. Жирмунский В.В. Сравнительное изучение героического эпоса народов Средней Азии. – М.: Наука, 1960.
6. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм ханда шежіресі . – Алматы: Қазақстан-Сана, 1991. – 80б.
7. Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки. – Алма-Ата, 197. -216 с.
8. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. — Алматы: Жазушы, 1985. — 367 б.
9. Урманчеев Ф. Имя эпического героя // Советская тюркология. — 1986. — № 4. — С. 22–33.

APHORISMS FROM THE BOOK BY MARY SHELLEY “FRANKENSTEIN. THE MODERN PROMETHEUS”

Nurkhanova M.A.

scientific director: M.I. Kudritskaya Candidate of Ped. Sciences
Kostanay State Pedagogical University n.a. O.Sultangazin